

Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2017 жылдың қаңтарынан наурызына дейін Тайынша ауданының аумағында тіркеуді және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы N 80 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 желтоқсанда 3973 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысымен бекітілген Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының тіркелу жылында он жеті жасқа толатын ер азаматтарын "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2017 жылдың қаңтарынан наурызына дейін тіркеу және медициналық куәландыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Иманслям

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігінің

"Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданының

қорғаныс істер жөніндегі бөлімі"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің бастығы

2016 жылғы 20 желтоқсан

Т. Тұрабай